



/// ПРЕЗИДЕНТ



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: НАҚТЫ ПІКІРЛЕР ҚҰРЫЛТАЙДА АЙТЫЛАДЫ

Күні кеше Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.

Жиында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президентке Жұмыс тобының атқарған қызметі туралы баяндап, Парламентті трансформациялауға қатысты ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің көлемі ауқымды екеніне назар аударды. Мемлекеттік кеңесші Жұмыс тобы мүшелерінің ортақ пікірін жеткізіп, бұл өзгерістер саяси жүйені уақыт талабына сай жаңғыртуға ықпал ететінін айтты.

Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев азаматтардан келіп түскен ұсыныстар негізінде Конституциялық реформа жөніндегі жұмыс тобы мүшелері әзірлеген басты тәсілдер туралы баяндады. Атап айтқанда, былтырғы қазан айынан бері өтіп келе жатқан отырыстарда жана Парламентке қатысты мәселелердің бәрі қаралды. Оның ішінде депутаттар саны, өкілеттік мерзімдері, сайлау тәртібі, бір палаталы Парламенттің заң шығару тетіктері, сондай-ақ оның биліктің өзге институттарымен өзара іс-қимыл мәселелері қамтылды.

Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан азаматтардан, сарапшылардан, қоғамдық бірлестіктерден e-Otinish және eGov платформалары арқылы келіп түскен ұсыныстар туралы ақпарат берді. Бірнеше ай ішінде саяси партиялардың

барлығы, ондаған үкіметтік емес ұйым, бизнес-қоғамдастық өкілдері, құқықтанушы ғалымдар мен сарапшылар конституциялық реформаға қатысты өз бастамаларын жолдаған. Парламенттік реформадан бөлек, Жұмыс тобына азаматтардан мемлекеттік құрылымның жалпы мәселелері мен саяси және қоғамдық институттарды жетілдіруге қатысты 1,6 мыңға жуық ұсыныс келіп түсті.

Парламент Мәжілісіндегі «Amanat» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев және «Ақ жол» партиясының көшбасшысы Азат Перуашев, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» фракциясының басшысы Асхат Рахымжанов парламенттік реформа аясында жүзеге асырылатын конституциялық өзгерістердің ауқымды екенін мәлімдеді. Олар өңірлерде Парламент депутаттарының жұмыс кездесулері барысында азаматтардың алдағы саяси реформаға айрықша қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ жиында Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров, Парламент Мәжілісінің депутаттары Үнзिला Шапақ, Марат Бөшімов, Никита Шаталов, саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедов пікірлерін білдірді.

2-бет

Кеше Қызылорда қаласында V Ұлттық құрылтайдың алғашқы күнінде төрт панельдік секция бойынша отырыстар өтті. Оған барлық өңірден 100-ден астам құрылтай мүшесі қатысты. Секция отырыстарында түске дейін әлеуметтік-мәдени даму, білім мен ғылым мәселелері көтерілсе, күннің екінші жартысында азаматтық қоғам және экономикалық даму бағыттарында мазмұнды ой-пікірлер өрбіді.



ЕЛДІК МҮДДЕ ТОҒЫСҚАН ЖИЫН

Әлеуметтік-мәдени даму секциясында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Ұлттық құрылтайдың қоғам үшін маңызы зор, тұрақты әрі жүйелі диалог алаңына айналғанын атап өтті. Онда ел дамуының ұзақ мерзімді бағыт-бағдары айқындалып, өзекті әлеуметтік мәселелер кеңінен талқыланып жеткізілді.

– Ұлттық құрылтай аясында айтылған барлық ұсыныс пен пікір Мемлекет басшысы мен мемлекеттік органдардың ерекше бақылауында. Мәдениет және ақпарат министрлігі құрылтай мүшелері ұсынған бастамаларды іске асыру жоспарының орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Алдыңғы төрт отырыста аса маңызды мәселелер көтеріліп, ауқымды жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, заңнаманы жетілдіру мақсатында 26 заң қабылданды. Сонымен қатар 10 заң жобасына, сондай-ақ Президент Жарлықтары мен кешенді даму жоспарларына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді Премьер-министрдің орынбасары.

Сондай-ақ биыл өткізілетін елімізге белгілі тұлғалардың мерейтойлар күнтізбесі бекітілгенін атап өтті. Олардың өмір жолы мен шығармашылығын насихаттау өскелең ұрпақтың рухани кемелденуіне септігін тигізетіні анық. Министр Ұлттық балалар кітапханасы мәселесі туралы ойын да білдірді.

– Еліміздегі кітапханаларда оқитын кітап аз деуге болады. Өйткені осы отыз жылда бір автордың кітабы жүз, екі жүз, тіпті мың рет шыққан деректер бар. Атауын өзгертіп, қайта-қайта шығара береді. Біз әр кітапхананың кітап қорын зерделеп шықтық. Шынымен, мұндай өкінішті жағдайлар көп кездесті. Балалар өзі оқығысы келіп, іздеген кітабын таба алмайды. Балалардың кітапқа қызығушылығын арттырғымыз келеді, бірақ олардың сұранысын қанағаттандыратын дүниелер жоқтың қасы. Ол үшін толық деңгейде жағдай жасай алмай келе жатқанымызды ашық айтуымыз керек, – деді Аида Балаева.

2-бет

/// МӘЖІЛІС

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда облысының әлеуметтік саласын дамыту мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Оған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Нұрбек Саясат, Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Асқарбек Ертаев, Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова, Спорт және туризм вице-министрі Бауыржан Рапиков, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова қатысты.

2-бет

ҚОҢАҒЫНА ЖАЙҒАН ЖҮРЕК-ТІЛЕГІН, ЕҢБЕГІНЕ КЕЛБЕТІ САЙ СЫР ЕЛІМ

ҮДЕРІС ПЕН ҮНЕМНІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауы Сыр өліндегі жарқын бастамаларға үлкен дәнекер болып отыр. Облыс жоспарланған барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық даму барысы туралы сөз болғанда жалпы өңірлік өнім көлемі көрсеткіштерінің өзі де көп нәрсеге көз жеткізеді.


2025 жылдың қорытындысымен жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн 700 млрд теңгеге жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге артты. Ал облыс бюджеті 2021 жылмен салыстырғанда, өсім 234 пайызды құрады.

Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд теңге болса, 2025 жылы 4,3 есе артқан.

Мұны жылдам қарқынды үдеріс деп атаса да болады. Әрине, оның астарында тынымсыз еңбек ырғағы мен халықтың ынтымақ-бірлігі жатыр.

Аймақ басшысының облыс тізгінін ұстаған алғашқы күннен қолға алып, қатаң бақылау жасаған жұмысының бірі – облыс бюджетінің орынсыз жұмсалмауы, әр тиынның үлкен ғимараттың бір кірпіші сияқты өз орнына қалануы болды. «Қара қазан қайнаса, баршамызға ортақ» деп аталарымыз айтқандай, бұл істің берекесі бесенеден белгілі.

Бюджет қаражатын оңтайландыру мақсатында



2022 жылдан бастап әлеуметтік салаға терең талдау жүргізілді. Нәтижесінде 108 млрд теңге қаржы үнемделді. Оның ішінде, білім саласынан 68 млрд 300 млн теңге, мәдениет және спорт саласынан («Арт-спорт» бағдарламасынан) 15 млрд 400 млн теңге, әлеуметтік қорғау саласынан 8 млрд 200 млн теңгенің мақсатсыз жұмсалуына жол берілмеді (87,9 млрд теңге).

Сонымен бірге, әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізу барысында 20 млрд 100 млн теңге қаржыны үнемдеу шаралары қамылданған. Атап айтсақ, мектептер жанынан қосымша ғимараттар салу, әлеуметтік мекемелерді «Руханият» орталықтарына шоғырландыру жұмыстары жүргізілсе, ал демешілер есебінен жобалардың жоба-сметалық құжаттары әзірленді.

Үнемделген қаражат аймақтың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

«Мемлекет басшысының «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасын кәсіпкер-меценаттар, қоғамдық қорлар белсенді қолдап, Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосып келеді. 2022 жылдан бері кәсіпкер азаматтар аймақтағы жаңа жобаларға 55 млрд теңгеден астам қаржысын салды», – деді облыс әкімі Астанада өткен брифингте.

Біз мұны Сыр азаматтарының ауызбірлікті, елге деген ерекше сүйіспеншілікті жоғары ұстай білген жомарттықтары деп бағалаймыз.

5,6,7-бет

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: НАҚТЫ ПІКІРЛЕР ҚҰРЫЛТАЙДА АЙТЫЛАДЫ

Отырысты қорытындылаған Мемлекет басшысы алдағы конституциялық реформаны талқылау басталғалы бері жарты жылға жуық уақыт өткенін еске салды. Осы кезең ішінде қоғамда елдің жоғары заң шығарушы органын трансформациялаудың мақсаттары мен міндеттеріне қатысты дұрыс түсінік қалыптасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айындағы халыққа арнаған Жолдауынан кейін өрбіген қоғамдық пікірталастарды мұқият қадағалап отырғанын жеткізді. Мемлекет басшысы талқылау нәтижесін, сараптама қорытындыларын, ұсынылған түзетулердің жобаларын, сондай-ақ конституциялық реформаға қатысты азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды егжей-тегжейлі зерделеуде.

Саяси жүйені одан әрі реформалаудың маңызы мен мазмұнына тоқталған Президент институционалдық негізді терең жаңғырту және заң шығарушы билік тармағын жүйелі түрде қайта форматтау қажет екенін айтты.

– Ертең Ұлттық құрылтай отырысында мен еліміздің тағдырына қатысты бұл мәселе бойынша нақты пікірлерімді айтамын. Нақтылай айтқанда, еліміздің сапалық тұрғыдан мүлдем жаңа саяси тұрпаты қалыптасып жатыр. Парламенттік реформаны жүзеге асыру үшін Конституцияның бірден бірнеше бөлімін қайта қарау қажет болады. Сондықтан Ата Заңымызға осыған дейін енгізілген өзгертулерді ескерсек, Жұмыс тобы ұсынып отырған түзетулер жобасы Қазақстанның шын мәнінде жаңа Конституциясы туралы айтуға мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы.

1-бет

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Мәжілісте алдымен жоғары білім мен ғылым мәселелері талқыланды. Бұл ретте қатысушылар саланың өңірдегі әлеуетін жан-жақты саралады. Облыста үш жоғары оқу орны жұмыс істейді, онда 20 мыңға жуық студент білім алуда. Кейінгі үш жылда студенттер саны 21 %-дан астам артқан. Бұл – жастар арасында жоғары білімге деген тұрақты сұраныс бар екенін айғақтайтын маңызды көрсеткіш. Салаға жауапты министр еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша басым бағыттарды атап өтті.

Денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелер де талқыланды. Ведомствоның мәліметінше, өңірде алғашқы медициналық-санитариялық көмектің инфрақұрылымын және аудандық ауруханаларды дамыту жұмыстары жалғасып келеді. Бұл бағытта жаңа нысандар салу, диагностикалық базаны жаңарту шаралары жүйелі түрде жүргізілуде.

Аймақ басшысы әлеуметтік саладағы жұмыстарға, бастамаларға, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттерге тоқталды.

– Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылуда. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасты. Облыс бюджеті 2021 жылдан бері 234 пайызға өсті. Әлеуметтік салаға басымдық беріліп, халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелер толық орындалып келеді.

Президентіміздің бюджет қаржысын тиімді жоспарлау, мақсатқа сай бөлу мен игеру жөніндегі тапсырмасына сәйкес нақты шаралар қабылданауда. Облыс бюджетінен әлеуметтік салаға 2023-2025 жылдары бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына жүргізілген талдау, бақылау шараларының нәтижесінде 108 млрд теңге қаржы үнемделді.

Жалпы 2022 жылдан бері өңірімізде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді. Президент бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен әріптестік байланыстамыз. Өңіріміздің әлеуметтік саласын дамытуға 2022-2025 жылдары 12 млрд 852 млн теңге қаржы қаралды.

Мемлекет басшысының тапсырмалары мерзімінде әрі сапалы жүзеге асырылып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға оң серпін берді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мәжілісте Аида Ғалымқызы, Саясат Нұрбек, Тимур Сламжанұлы, Асқарбек Маратұлы, Шынар Қуанышқызы, Бауыржан Серікбайұлы, Айзада Амангелдіқызы өз пікірлерін білдірді. Шешімін қажет ететін мәселелер бойынша облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов пен облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет баяндама жасады.

Қорытындылай келе, Аида Балаева өңірдің негізгі даму бағыттары бойынша жүйелі жұмысты күшейтуді тапсырды. Кадр даярлау ісін экономиканың нақты сұранысымен үйлестіру, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы идеологиялық және тәрбиелік жұмысты бастауыш сыныптан бастап үнемі бақылауда ұстау, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту міндеті қойылды.

Сонымен қатар МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтармен жұмысты күшейту, алдын алу шаралары мен скринингті жандандыру, емханалардағы қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

1-бет



Осыған орай министр аударуға және басып шығаруға ұсынылатын кітаптар тізбесін айқындайтын арнайы комиссия құруды ұсынды. Сонымен бірге заманауи жас авторлардың шығармаларын ел кітапханаларының қорына жүйелі түрде енгізу қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ балалар контентін дамыту және анимация индустриясын өркендету тақырыбы көтерілді. Осыған байланысты Аида Балаева мультфильм өндірісіне арнайы тоқталып, бұл бағыттың маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Президент Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес, министрлік жанынан Креативті индустрияларды қолдау қоры құрылды. Қазіргі уақытта оның материалдық-техникалық базасы қалыптастырылуда әрі Қор құрылымында анимацияға арналған жеке бағыт қарастырылады. Менің ойымша, мұнда саннан бұрын сапаға мән беру маңызды. Контенттің бала психологиясына нұқпалын, жас ерекшеліктерін және тәрбиелік әсерін міндетті түрде



ескеру қажет. Қордың толыққанды жұмысы басталғаннан кейін анимация индустриясы тын серпін алып, қарқынды дами түседі деп сенемін, – деп атап өтті Мәдениет және ақпарат министрі.

Басқа да мәселелерді талқылау барысында қатысушылар мен сарапшылар ұлттық дәстүрді сақтау және кітап оқитын ұлт қалыптастыру – қазақстандық қоғамды жаңғыртудың маңызды құрамдас бөлігі екенін баса айтты.

Ал білім-ғылым секциясында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіретін AI-Sana бағдарламасы быыл да жалғасатынын атап өтті. Бұл жоғары оқу орындарына дәстүрлі білім беру форматынан ғылыми-зерттеу форматына көшуге мүмкіндік береді. Бағдарлама жасанды интеллект бойынша базалық білімнен бастап стартаптарды кәсіби дамытуға және оларды нарықта масштабтауға дейін дәйекті дамытуға бағытталған.

1-бет



ЕЛДІК МҮДДЕ



ӨҢІРЛІК ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ – ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Ұлттық ғылым академиясының президенті:



Осыған дейінгі Ұлттық құрылтайларда көтерілген мәселелер кезең-кезеңімен іске асып келеді. Ендігі мәселе – ғылымды экономикаға бейімдеу. Бұл бағыттағы жұмыстарды саралағанда ғылыми тақырыптар экономика сұранысын емес, ғалымдардың мүмкіндігіне қарай қалыптасатыны байқалады.

Ұлттық ғылым академиясы форсайт тәсілінің тұрақты жоспарлау құралына айналыруға қол жеткізді. Екі жыл ішінде өңірлік және салалық сессиялар өткізіп, 220 перспективалы міндет пен 65 ғылыми-техникалық тапсырма әзірледік.

Осыған дейін жеткілікті көңіл бөлмеу салдарынан көптеген ғылыми мектептен айырылып қалдық. Осыған байланысты Ұлттық ғылым академиясы «Korea Institute of Science and Technology Information» ұйымымен бірлесіп «AI SilkNet» орталығын құрды. Бұл бізге әлемдегі жаңа технология туралы кеңінен дерек алуымызға мүмкіндік береді. Ғылымдағы озық технологиямен қатар күні өткен әдістерді де осы орталық арқылы анықтап, өзімізге тиімдісін таңдай аламыз. Бүгінгі сессия отырысында алда осы бастаманы дамытып, Орталық Азиядағы қызмет ететін ақпараттық орталыққа айналыруға болатыны жөнінде ұсыныс айттым.

Өңірлік ғылымды дамыту да – алда тұрған үлкен мәселенің бірі. Біздің ғалымдардың дені Астана мен Алматы қаласында шоғырланған. Бөлінген қаржының көп бөлігі осы қалалар үлесінде. Өңірлік ғылым түрлі бағыттағы қолдаулардан да қағажу көріп келеді. Ғылымның экономиканы дамытуға әсерін арттыру үшін осыған жете мән беруіміз керек.

СОЛТҮСТІККЕ КӨШТІҢ ТҮЙІНІ КӨП

Светқали НҰРЖАНОВ,
ақын, филолог:



Шығыстағы көршімізден келетін қатер бар. Мысалы біз оның ілім-білімін, жаңа технологиясын алуымыз керек. Бірақ, адам топанна тосқауыл қою керек. Бұл Сыр өңірінің киелі топырағында ғұмыр кешкен Сыр сұлейлерінің бірі Тұрмағамбет Ізтілеуовтің болжау жырында айтылған. Біз сол

заманмен бетпе-бет келіп тұрмыз. Ұлттық құрылтайда осы мәселені көтеруді ойлап отырмын. Сол сияқты қазақтарды еліміздің солтүстігіне орналастыру бағытында да көптеген түйткілдер бар. Бұл да – көтеруге тұрарлық мәселе. Басқа да түйіндер көп. Сол түйіндерді тарқатамыз деп сенемін.

3-бет

ТОҒЫСҚАН ЖИЫН



Ұлттық құрылтайдың секциялық отырыстары түстен кейін де жалғасты. ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин өткен жылды қорытындылап, алдағы экономикалық даму жоспары туралы айтты.

– Өткен жылы еліміздің экономикасы тұрақты, сапалы өсім болды. Жалпы ішкі өнімі 300 млрд АҚШ долларынан асса, жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім шамамен 15 мың АҚШ долларына жетті. Экономиканың өсу қарқыны 6,5% болды. Бұл – 2012 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. Экономиканың барлық саласында оң динамика қалыптасты. Жалпы ішкі өнімнің өсу үлесі негізінен өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік қызметі, құрылыс салаларына тиесілі, – деді министр.

Оның айтуынша, ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім 5,9%, ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 5%-ға жақындады. Өткен жылы дәнді дақылдардан 27,1 млн тонна өнім жиналып, екінші жыл қатарынан рекорд орнады. Сондай-ақ бұшақ, майлы дақылдардан рекордтық өнімі алынды. Мал шаруашылық өнеркәсібі де қарқынды дамып келеді. Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеуге арналған Қазақстан бойынша ең ірі агроөнеркәсіптік парктің құрылысы басталды.

– Шығындарды өнтайландыру жүйесі жасалуда. Әлеуметтік қорғау саласын трансформациялауды жүргіздік. Бюджеттік төлемдердің бірқатарын цифрлық шешімдер арқылы әлеуметтік шығындардың ашықтығын арттыру маңызды. Мемлекеттің әлеуметтік қолдау шараларының бірыңғай стандарты енгізілді. Үй шаруаларын, әлеуметтік экономикалық осалдығын бағалау әдістемесі бекітілді. Жергілікті деңгейде қосымша көмек түрлері біріздендірілді. Цифрландыру арқылы әлеуметтік салада құқықбұзушылықты анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді. Бір жарым жылдың ішінде әлеуметтік саясатты трансформациялау 600 млрд теңгені үнемдеп, заңсыз шаралардың алдын алуға мүмкіндік берді, – деді Серік Жұманғарин.

2-бет

Өткен жылы жүргізілген бюджеттік мониторингтің қорытындысы бойынша республикалық бюджетке 8 түзету енгізілді. Оның шеңберінде жыл басынан бері 1 триллион теңгеден астам қаражат өнтайландырылған. Олар нақты секторға бағытталды.

Көлік логистикалық инфрақұрылымды дамыту – стратегиялық маңызды дүние. 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспар 204 жобаны қамтиды. Инфрақұрылымның тозуын 40 пайызға төмендетуді көздейтін энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғыртудың ұлттық жобасы іске асырылуда. Инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 13 триллион теңгені құрайды.

Экономиканың тұрақты дамуында кәсіпкерлік саласының маңызы зор. Бизнесті жүргізуді жақсарту бойынша жүйелі шаралар қолға



алынууда. Кәсіпкерлікті ынталандыру үшін «Өрлеу» жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. Ұлттық Экономика министрінің сөзінше, өткен жылы жоғары инфляциялық қысым байқалған. Оның жылдық мәні 12,3 пайызды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,5, азық-түлік емес тауарлар 11,1, ақылы қызметтер 12 пайызға өсті. Бұл азаматтардың сатып алу қабілетіне әсер еткен.

– 2025 жылдың 11 айында халықтың жан басына шаққандағы ақша-

лай табысы нақты мәнде 2,3 пайызға қысқарды. Осыған байланысты жақын арада Үкіметтің бірінші кезектегі міндеті – инфляцияны тұрақтандыру және төмендету, – деді министр.

Азаматтық қоғам секциясында ҚР Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев Қызылорданың ел астанасы болған кезеңде алтын әріптермен жазылған оқиғалар өрбігенін айтты.

– «Қазақ» атауын қайтару туралы шешім де осы киелі жерде қабылданды. Тұңғыш Қазақстан Үкіметі де жұмысқа кірісіп, алғашқы театрдың негізі қаланып, тұңғыш пьеса да қойылды. Қазақ тіліндегі кітаптар да басылып шықты. Алаш қайраткерлері бастаған үлкен саяси мәдени орта қалыптасты. Осындай тарихи оқиғалар өткен қалада 100 жылдан соң тәуелсіз Қазақстанның Ұлттық құрылтайының шақырылуы тарихи сабақтастық тұрғысынан орынды.

Мемлекет басшысының бастама-сымен құрылған бұл институт бес жылда өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қоғамның түрлі топтарының үн қосуына мүмкіндік беріп отыр. Билік пен халықтың арасын жақындастыратын алтын көпірге айналды. Жалпы көпшілік идеология саласында ұлттың ертеңі, бүгінгі жайлы сөз қозғап жүрген азаматтар асыға күтетін жыл сайынғы үлкен саяси шараға айналып отыр, – деді Арман Қырықбаев.

Ұлттық құрылтай мүшелері секция отырыстарында түрлі тақырыпта ұсыныстарын білдірді. Олардың барлығы мұқият зерттеліп, тиісті қорытынды шығарылады.

Жалпы, Президент тапсырмаларын орындау барысында бұған дейін Ұлттық құрылтай аясында ауқымды жұмыстар атқарылғанын айтуға тиіспіз. Құрылтай мүшелері бұл жолғы жиында да айтылған әрбір ұсыныс мемлекет дамуына үлес қосады деп сенім білдірді.

Назерке САНИЯЗОВА,
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы».

Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТУҒАН ЖЕРІМДЕГІ
БАСҚОСУДАН
КҮТЕРІМ КӨП

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері, Ұлттық құрылтай мүшесі:

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысының бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өтуінің тарихи әрі саяси тұрғыдан маңызы ерекше. Байқасаңыз, бұған дейінгі құрылтайларда тарихымыздағы астана болған ежелгі қалалар аумағында өтіп келеді.

Бір ғасыр бұрын дәл осы жерде ұлтымызға «қазақ» атауы қайтарылды. Екіншіден, елдің дамуы мен өсіп-өнуіне, мәдени-рухани толқуына ықпалын тигізген азаматтардың табанының ізі қалған киелі өңір. Бұл жағынан, бүгінгі құрылтайдың Сыр өңірінде өтуі заңды. Сондықтан бұл басқосудан күтетін оң жаңалық көп.

Құрылтай дегеніміз не? Ашып айтсақ, ол заң шығарушы Парламент емес. Бұл жерде халық тілегі мен пікірі тоғысады. Дұрысы, Мемлекет басшысы мен халық өкілдерінің тығыз байланысы осы жерде көрінеді.

Бұған дейін қазақ ғылымы, қазақ технологиясын дамыту жайында жиі айтып келдім. Әрі осы дүниенің ана тілімізбен байланыса отырып қарыштағаны жақсы. Дұрысы, университет, ғылым және өндіріс деген үш тағанның басын қосып, біріктіру жағы қарастыру маңызды.



1946 жылы ашылған Қазақ ұлттық ғылым академиясы 2003 жылы тарап кетті. Даңқты ғалым Қаныш Сәтпаевтың уақытында республикада көптеген ғылыми жаңалықтар пайда болды. Қазіргі ел қазынасын толықтырып отырған қазба байлықтарымыздың дені сол уақытта ашылды. Міне, осындай ғылым мен жаңа технологияларды әрі қарай дамыта отырып, елді жетістікке жетелеу басты мақсат болып қала бермек.

СЫР ӨңІРІ
ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНГЕН

Самат НҰРТАЗА,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:



Сыр өңіріне сапарымда маған қаланың тазалығы ұнады. Тұрғындардың ту-

ған жерді таза ұстауға бейімделгені көрініп-ақ тұр. Қызылордаға бұған дейін де келіп жүрмін. Ол уақытта қаладағы әуежай құрылысы жүріп, жаңа терминал салынып жатқан. Ал кеше ұшақтан түскен бетте жаңа келбетке енген әуежайды көріп, риза болдым. Ондағы қызмет сапасы қонақтардың барлығына ұнағандай. Ал Ұлттық құрылтайға келер болсақ, бұл – мемлекетіміздің дамуына өзек болар ең маңызды тақырыптар талқыланатын алқалы жиын. Өз тарапымнан білім саласына қатысты бірнеше мәселе бар. Әсіресе, мектептегі психолог мамандарға қатысты айтқым келеді. Себебі бүгінге дейін мұғалімдердің жалақысы өскенімен, олар бұл қолдаудан қалыс қалып жүр. Жиында мектеп оқулықтарына қатысты мәселелер де көтеріледі

САЛИҚАЛЫ ЖИЫННЫҢ
САЛМАҒЫ ЗОР

Алмас АЛМАТОВ,
жырау, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Тарихымызға терең бойласақ, Сыр елі – Сақтардың астанасы көне Шірік Рабат, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкент, Қазақ хандығының ақ ордасы Сығанақ қаласының ізі жатқан іргелі аймақ. Одан беріде, XX ғасырдың басында Қызылорда қаласы қазақ мемлекетінің астанасы болғаны, тағы бір дерек, сол кезеңге дейін «киргиз» аталып келген ұлтымызға «қазақ» атауы қайтарылғаны бүгінде ғасырлық шежіреге айналып отыр. Осындай маңызды мағлұматтарды саралай келіп, Сыр өңірінің ел тарихындағы орны ерекше деп бағалаймыз.

Бүгін Сырдың бас шаһарында өтетін Ұлттық құрылтай да халқымыз үшін салмағы бар саликалы жиын болмақ. Қазіргідей әлемде геосаяси жағдай күрделеніп, мемлекет ертені, ұлт тұрақтылығы, жалпы адами құндылықтар мәселесі сыңға түскен кезеңде болашағымызды айқындау үшін осындай кең ауқымды келелі кеңес қажет.

Бұл тәжірибе халқымызда сонау хандық дәуірден бері бар. Сарапшылардың пайымдауынша, осыған дейін өткен құрылтай отырыстарынан кейін қоғам мен билік арасындағы жауапкершілік нығайып, құқықтық тәртіп жүйесі жетілдіріле түскен.

Мемлекет басшысы жуырда «Тұр-



кістан» газетіне берген сұхбатында: «Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғам бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Халқымыз жаңа дәуірге бейімделуі керек» дей келіп, бұл тұрғыда болашақтың иесі – өскелең ұрпаққа сенім артатынын айтқан еді. Расында, бұл іргелі жиында бүгінгіден гөрі ертеңнің мәселесі көбірек айтылып, сол бағыттағы қадамдар айқындалады деп ойлаймын. Қалай болғанда, Сыр елінде ұлтты ұйыстыратын, қоғамды біріктіретін мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылданары хақ.

МӘДЕНИ ОШАҚТАРДЫҢ
ІШКІ МАЗМҰНЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Максим РОЖИН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:



Осы күндері ауылдық жерде ашылып жатқан мәдени ошақтар құрылтай жұмысының жемісі десек болады. Дегенмен, сонда жұмыс істейтін азаматтардың қызметіне, олардың мәртебесіне қатысты көптеген мәселе кездеседі. Ғимарат салудан бөлек, оның ішкі мазмұнын қалыптастыру бар. Ол дегеніміз – үйірмелер жұмысы, осы үйірмелерде жұмыс істей алатын мамандар, ауыл кітапханасының жаңа кітаптармен қамтылуы. Бүгінгі отырыста осы бағытта ұсыныс айтамыз. Ауыл мәдениетінің маңызын, ондағы қызметкерлер жұмысын жетілдіру әрдайым назарда тұру керек деп ойлаймын. Жалпы алғанда, құрылтай елдегі көп мәселенің шешімін тауып, ел игілігіне жұмыс істеуіне жол ашты. Сыр жеріндегі бесінші басқосудан да жақсы бастамалар күтеміз.





**ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ**
Қызылорда, 2026 жыл

Сондай-ақ ел экономикасын дамытуды күшейтудің алғышарты ретінде саяси модернизация да жүйелі жүзеге асуда. Яғни, мемлекеттік қызмет пен сервистік жұмыстың сапасын арттыруда қоғамдық ұйымдарды және азаматтық секторды белсенді қатыстыру жұмысы жетілдірілуде.

Шындығында Президентіміз ұсынған конституциялық реформалар мемлекетті саяси тұрғыдан жаңғыртумен бірге халқымыздың қоғамда әлеуметтік әділеттілік орнатуға деген сеніміне серпіліс әкелгенін айту қажет.

Осы орайда елімізде 2022 жылдан бастап жұмысын бастаған жаңа қоғамдық-саяси форматтағы Ұлттық құрылтай диалог алаңы ретінде ел дамуының стратегиялық бағыттарын талқылап қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерді мемлекеттік шешімдерге айналдыруды мақсат етті.

Ұлттық құрылтай – жаңа заманның ғана құбылысы емес. Бұл ұғым ғасырлар бойғы халық тәжірибесімен, дәстүрлі басқару және келісім институтымен тығыз байланысты. Қазақ хандығы дәуірінде Ұлттық құрылтай қоғам мен биліктің арасына көпір болып, құқықтық және рухани дәстүрді сақтаушы орган ретінде қызмет етті. Дәстүр сабақтастығы жалғасып, осы институт бүгінгі заманауи құрылымға қайта түсті. Қазіргі Ұлттық құрылтай – сөзден іс-қимылға өтетін көпір, қоғам мен биліктің диалог алаңы, азаматтық қоғамның дамуына серпін беретін стратегиялық платформа.

Кейбіреулер Ұлттық құрылтайды тек кеңес беру органы деп ойлайды. Бұл қате пікір. Шын мәнінде, ол – қоғам мен мемлекеттің сенімді көпірі, реформалық өзгерістердің бастамасы. Мұнда көтерілген идеялар заң жобаларына, мемлекеттік бағдарламаларға және стратегиялық шешімдерге жол ашады. Оның саяси мәні мен маңызы күннен-күнге артып келеді.

Құрылтайда көтерілген қоғамдық пікір мемлекеттік шешімдерге тікелей әсер етеді. Құрылтайда талқыланған бастамалар тек сөз жүзінде қалмай, нақты іс-қимылға, ел дамуына жол ашуда. Құрылтайда көтерілген ұсыныстар өңірлік жобаларға айналып, нақты нәтижелерге бастауда. Инфрақұрылым жаңғыртылып, әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылды, жастар мен қоғамдық ұйымдардың бастамалары мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл – елдің барлық тұрғындары үшін нақты пайда әкелген өзгерістер.

Сондай-ақ Ұлттық құрылтай азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әділеттілік пен заң үстемдігін күшейтуге бағытталған бастамалар қоғамға сенім орнатты, азаматтарға өз пікірін ашық айтуға,

Түркі әлемінің аса көрнекті ойшылы Жүсіп Баласағұнның: «Билеушінің басты міндеті – әділет орнату, елге қорған болу, ақылмен шешім шығару», – деген ұлағаты бүгінгі күнге жетті. Бұл сөздің мәні зор, мағынасы терең. Әділеттілік үшін айтуға тиіспіз, қазіргі кезеңде елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен мемлекет пен қоғамды түбегейлі жаңарту үдерісі қарқынды жүргізілуде.

ДИАЛОГ пен БІРЛІКТІҢ АЛАҢЫ



шешім қабылдауға қатысуға жол ашты. Рухани және мәдени даму мәселелері де Ұлттық құрылтай назарынан тыс қалған емес. Құрылтайда талқыланған жобалар тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруге және мәдени өмірді жаңғыртуға бағытталды.

Билығы Ұлттық құрылтай жылдағыдан ертерек өтуде. Бұл кездейсоқтық емес. Әлемдегі қиын геосаяси ахуал кезінде елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін батыл әрі нақты шешімдер қабылдау қажет. Бірқатар сарапшылар Қызылордада өтетін құрылтайда Парламенттік реформаның мәні мен маңызы жөнінде мазмұнды пікірлер ортаға салынып, заң шығарушы органды жаңғырту бойынша нақты бастамалар айтылады деп күтуде.

Осы ретте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев осы жылғы 15 қаңтарда «Түркістан» газетінде жарияланған «Реформалардың мәні – Үлкенді Парламент» атты мақаласында: «Өкілді биліктің тұрақтандыру функциясы бүгінде қос палатаның әлеуетін бір пәрменді күшке жұмылдырып, Қазақстан халқының барлық әлеуметтік тобының пікірін тұтас білдіретін бір палаталы Парламентке біріктіруді талап етеді. Бұл – атқарушы билікке ықпалды теңгерім болатын қадам. Халық – парламенттік реформаның негізін қалаушы. Өйткені бұл жолы өзгерістің басты тапсырыс берушісі бұрынғыдай билік емес, халық болып отыр», – деп нақты тұжырымдайды.

Президенттің қоғамдағы әділеттілік принциптеріне негізделген халықшыл бастамалары аясында елімізде конституциялық реформаларға сай саяси реформалар кезең-кезеңімен іске аса бастады. Үкіметтің өкілеттігі кеңейе түсті. Яғни түрлі салаға қатысты шешімдерді қабылдау құқығы Үкіметке өтті. Аймақтардың бюджетке қатысты дербестігі арта түсті. Реформаның аясында ауыл әкімі тікелей сайланатын болды. Мұның бәрі атқарушы биліктің жауапкершілігін арттырып, сайлаушылар сенім білдірген өкілді орган «бақылаушы қызметін» іске асыратын саяси құрылым ретінде ілгерілеп, қоғамды демократияландыруда шешуші рөл атқара бермек.

Мұның айқын көрінісін бүгінде елімізде көп партиялы Парламент жасақталғанынан да көруге болады. Көппартиялық дәуірде демократияның қазығы қатая түсуі заңдылық. 2019 жылы бастау алған осы бағыттағы парламенттік реформа аясында 2021 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттары депутаттарының сайлауы өткені белгілі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылдың 3 қазанында Астана қаласында өткен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында сөйлеген сөзінде мәслихаттар мен әкімдіктер өзара үйлесімді жұмыс істеуі қажеттігін нақты атап өтті. Сонымен бірге мәслихаттардың жергілікті экономикалық саясатқа ықпалын арттыра түсу мәселесіне айрықша назар аударуды, мәслихаттар жалпыұлттық міндеттерді жүзеге асыруға үлес қосуы тиістігіне, мәслихаттар мен әкімдіктер биліктің қос тармағы ретінде өзара үйлесімді жұмыс істеуі керектігіне айрықша мән берді.

Демек, Ұлттық құрылтайда талқыға салынған, қоғамның тезінен өткен бірқатар мәселелерді жүзеге асыру үшін халықтың, барлық деңгейдегі мәслихаттардың, Парламент пен атқарушы биліктің ортақ мүддеге жұмылып, қоғамдағы белсенді, сөзі өтімді адамдардың заң шеңберінде бірлесе қимылдауының маңыздылығын түсінеміз. Яғни, Ұлттық құрылтайда талқыланған мәселелерді жүзеге асыру үшін халық, мәслихаттар, Парламент пен атқарушы билік бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. Бұл – саяси институттар арасындағы тепе-теңдікті сақтап,

реформаларды жүйелі әрі терең жүргізуге бағытталған маңызды қадам. Бір Палаталы Парламент жүйесін жетілдіру арқылы азаматтық қоғамның пікірін тиімді ескеретін, жылдам шешім қабылдауға қабілетті саяси механизм қалыптасады.

Ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына өткен жылы 100 жыл толды. Осыны ескерген Мемлекет басшысы құрылтайдың келесі отырысын кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Облыс халқы Мемлекет басшысының бұл шешімін Сыр өңірінде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен елдің ерен еңбегіне берген лайықты бағасы, Сыр өңіріне қолдауы мен қамқорлығы деп түсінеді.

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысының Қызылорда облысында өтуі – символдық мәнге ие. Ұлт тарихына терең үнілер болсақ, талай кезеңдерде халқымыздың тағдыры үшін сындарлы болған шешімдер Сырда қабылданған. Кешегі дәуірлерде Қыпшақ мемлекетінің, Ақ орданың, Қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ, Қорқыттың қоңыр күйі, ғарышқа жол ашқан «Байқоңыр» кешені – Сырдың тарихи және стратегиялық маңызын дәлелдейді.

Қызылорда облысы қазіргі уақытта елімізбен бірге жаңғыру, жаңару кезеңінен өтуде. Президентіміздің сеніміне ие болып, аймақ халқының аманатын арқалаған Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаев бүгінгі күннің міндеттерін терең түсініп, өңірдің кемел келегегі үшін аянбай еңбек етіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірін жаңа белеске көтеруге бар күш-жігерін салып жүр деуге толық негіз бар. Оған біз депутат әріптестерімізбен бірге ауыл, аудандарды аралап, халықпен етене жақын тілдесіп, қарқын алған іргелі жобалардың нақты нәтижесін көргенде көз жеткізіп жүрміз.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысына келген жұмыс сапарларында Сырдағы атқарылып жатқан игілікті істерді көріп, облыс әкімінің қызметін жоғары бағалағанын да ел біледі.

Жалпы Ұлттық құрылтай тек пікір алмасу алаңы ғана емес, елдің бірлігі мен тұрақтылығын, стратегиялық реформаларды жүзеге асырудың нақты платформасы болып табылады. Біз осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, еліміздің болашағын, азаматтық қоғамның белсенділігін бірге қалыптастыруымыз қажет. Себебі азаматтық қоғамның белсенді болуы – адам капиталын, әлеуметтік-экономикалық жетістіктерді, демократиялық құндылықтарды ел игілігіне айналдырудың алғышарты. Мұндағы басты ұстаным – азаматтардың ел дамуының үдерісіне еркін араласуына тең мүмкіндік беру.

Себебі, бүгінгің бопрышы – бой таластыратын емес, ой таластыратын заман екенін елес, жаңа технологиялар үрдісімен қаруланған қазіргі қоғам алғыр, іскер, ұшқыр азаматтарға арқа сүйейтінін уақыт төрелігі айқындап отыр.

Руслан РҮСТЕМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА МҮМКІНДІК БАР

Нұртай САБИЛЬЯНОВ,
Мәжіліс депутаты:



– Қазір банктер кәсіпкерлікке 20 пайызбен несие береді. Ондай пайызбен шағын және орта бизнесті дамыту мүмкін емес. Бұл үлкен кедергі. Ен бастысы осы мәселені шешетін болсақ, азаматтардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туады. Тағы бір мәселе, быылдан бастап жаңа Салық кодексі енгізілді. Бірақ кәсіпкерлер тарапынан бірқатар мәселе туындап жатыр. Оның бірі – жеке кәсіп-

кер жеңілдетілген декларация жүйесімен жұмыс істейтін болса, онда ол заңды тұлғаның шығынына жатқызылмайды. Осы мәселені кейін қайта қарауымыз керек. Жалпы Салық кодексінің қолданылуы барысында кейбір мәселелерге байланысты өзгерістер енгізуге дайынбыз. Сонымен қатар қаржы экономика саласында, әсіресе ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты көптеген мәселе бар. Айталық, «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікпен айналысатындарға 2,5 пайыз жеңілдетілген несиенен қаражат беріледі. Осы қаражаттың көлемін ұлғайтқан жөн. Сонымен қатар қаражатты алуда кепілдік мәселесі шешілмей жатыр. Өйткені ауылдағы үйлердің құны төмен. Ол кепілге келмейді. Сондықтан осы мәселені шешетін болсақ, ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік туады.

ШЫНАЙЫ АҚПАРАТТЫҢ ҚҰНЫ НЕДЕ?

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры,
Ұлттық құрылтай мүшесі:

– Әрине, әр құрылтайдың өзіндік ерекшелігі бар. Қоғамда қордаланған мәселелер күн тәртібіне шығады, екінші, құрылтай мүшелерінің халықпен кездесуі, солардың ой-ұсынысы, аманаты деген бар. Әр саланың басшылары, тұлғалары өз ойларын ортаға салады. Меніңше бұл құрылтайда цифрландыру, технология мәселесіне басымдық беріледі деп ойлаймын.

Мен өз тарапымнан оқитын ұлт деңгейіне біз БАҚ-ты қалай жақындастыра аламыз, осы бағытта сөйлегім барды. Мысалы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың өзі газет шығарса, газет бүгінде құндылық ретінде әрі қарай жылжуы керек пе әлде өткен күннің дүниесі болып қалуы керек пе? Міне осындай ойым бар. Екінші, жалпы біз жаңа ішкі мазмұнды түзеу керек деп айттық. Мәселен, беріліп жатқан білім, беріліп жатқан тарихи дүниелерде қандай сабақтастық бар? Осы жағына мән беруіміз керек деп ойлаймын. Одан бөлек, ономастика мәселесіне қайта-қайта ораламыз. Осыған дейінгі құрылтайда да қозғалып, онтайлы шешім шығарылды. Бірақ қордаланып қалған мәселелер бар. Адам пенде болғасын белгілі бір ауытқу болады, өзінің ағайын-туысын тықпалауы мүмкін, яғни менің аймағымның азаматы, менің танысым деген секілді. Президент бұл тұрғыда тарихи тұлғалар нақты болуы керек



және орны бар азаматтар насихатталуы қажет деп айтты.

Ақпарат халыққа қалай жетуі керек, шынайы ақпараттың құны неде? Ақпарат қашан да құнын жоймайды. Оқуың ұлт деңгейіне көтерілу үшін осыған мән беруге тиіспіз. 2 апқан – Ұлттық баспасөз күні келе жатыр. Сол күннің, басқа да атаулы күндер аясында біз халыққа қандай ақпаратты және құндылық ретінде қандай дүниелерді белгілей алдық, басымдығымыз не дегенге жауап береміз деп ойлаймын.

Одан кейінгі мәселе – жасанды интеллект заманындағы мәдениет және сауаттылық. Қазір көшірімпаздық секілді басқа әлемдік тенденциялар бар, осының бәрінің айырымын қазақстандық мазмұнда қалай жасай аламыз деген ойды ортаға салмақпын.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ



Бүгін 20 қаңтарда Сыр өлінде Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтеді. Ұлттық құрылтай қазіргі кезеңде қоғамдық пікірді жинақтайтын ғана алаң емес, мемлекеттік шешімдер қабылдауға ықпал ететін институционалдық тетік ретінде орнықты. Яғни, құрылым ел дамуының басым бағыттарын айқындауда маңызды рөл атқарып отыр.

Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өткізілуі де тарихи әрі саяси мағынасы терең шешім. Бір ғасыр бұрын қазақ елінің астанасы болған бұл қала мемлекеттілік қалыптасуының жауапты кезеңдерімен тығыз байланысты. Осы тарихи сабақтастықты ескере отырып, ел тағдырына қатысты мәселелердің дәл осы өңірде талқылануы мемлекеттік саясаттың символдық мәнін арттырады.

Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жүзеге асырып отырған реформалармен тікелей сабақтас. Президент бастамашы болған саяси және әлеуметтік өзгерістер әділетті мемлекет қалыптастыруға, басқару жүйесін жаңғыртуға және қоғаммен ашық диалог орнатуға бағытталған. Құрылтай осы реформалардың қоғамдық қолдауын қамтамасыз ететін маңызды алаң қызметін атқарып келеді.

Аталған бағыт қазақ халқының тарихи басқару тәжірибесімен үндес. Құрылтай дәстүрі ел бірлігі мен жауапкершілігін қамтамасыз еткен басқару институты ретінде ғасырлар бойы қалыптасты. Қазіргі Ұлттық құрылтай сол тарихи негізге сүйеніп отырып, заманауи мемлекеттік басқару талаптарына бейімделген жүйелі құрылымға айналды.

Қызылорда өңірі ел тарихында стратегиялық маңызға ие аймақ саналады. Сыр бойындағы көне қалалар, Қорқыт ата мұрасы, «Байқоңыр» ғарыш кешені өңірдің рухани және геосаяси әлеуетін айқындайды. Осындай тарихи кеңістікте Ұлттық құрылтайдың өтуі елдік мәселелерге деген жауапкершілікті күшейтеді.

Қазіргі кезеңде Қызылорда облысында әлеуметтік-экономикалық даму бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Өңірде жаңа әлеуметтік, мәдени және инфрақұрылымдық нысандар пайдалануға беріліп, құрылыс қарқыны тұрақты сипат алды. Барлық атқарылып жатқан жұмыстар облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаевтың басшылығымен Мемлекет басшысы айқындаған даму басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылуда. Өңірдің жаңғыруы мемлекеттік саясаттың өңірлік деңгейде жүйелі іске асқанын көрсетеді.

Экономикалық даму әлеуметтік және рухани салалармен қатар жүргізілуде. Облыста білім беру, мәдениет және спорт инфрақұрылымы жаңартылып, халыққа қолжетімді орта қалыптастырылуда.

Мемлекеттік дамуың маңызды бағыты ретінде цифрлық трансформация айқындалды. Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы реформалар басқару тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған.

Цифрлық шешімдерді енгізу экономикалық өсімді жеделдетіп, қоғам мен билік арасындағы ашықтықты күшейтеді. Сонымен қатар білім, мәдениет және тарихи мұраны сақтау салаларында жаңа мүмкіндіктер қалыптастырады. Аталған өзгерістер елдің ұзақ мерзімді стратегиялық дамуына қызмет етеді деп сенемін.

Ұлттық құрылтайда көтерілген бастамалардың жүзеге асуы мемлекет пен қоғамның өзара жауапкершілігіне негізделеді. Мемлекет басшысының реформаларын қолдау – елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі. Қоғамдық келісім мен институционалдық тұрақтылық осы бағытта шешуші мәнге ие.

Осылайша Ұлттық құрылтай Қазақстанның жаңғыру жолындағы маңызды кезеңді айқындайтын мемлекеттік алаң ретінде өз ролін нығайтып келеді. Оның Сыр өлінде өтуі – ел тарихы мен бүгінгі саяси бағыттың өзара сабақтастығын көрсететін, болашаққа бағытталған салмақты шешім.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ҚОНАҒЫНА ЖАЙҒАН ЖҮРЕК-ТІЛЕГІН, ЕҢБЕГІНЕ КЕЛБЕТІ САЙ СЫР ЕЛІМ



ИСПАНДЫҚ «РОКА ГРУПП» КОМПАНИЯСЫ



40 млрд. 700 млн.тг.



жылына 500 мың дана
өнім шығарады

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГІЛІК КӨЗІ

2022-2025 жылдары облыс экономикасына 2 трлн 341 млрд теңге инвестиция тартылған. Ал өткен жылы бұл бағыттағы көрсеткіш 774 млрд теңгеден асты. Тағы да салыстырмалы 2021 жылмен шендестірсек, өсім – 250 пайыз.

Жеке инвестицияның үлесі 72 пайыз, шетелден 280 млн АҚШ долларын құрайтын инвестиция құйылған.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 2 трлн 800 млрд теңгеге 98 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады деген жоспар бар. Ал 2025 жылы 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды.

Мұның мысалдарын келтіре кетейік. Жаз айында 5 млрд теңгеге толық автоматтандырылған «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді.

Жалпы құны 5 млрд 600 млн теңгені құрайтын «Қызылорда Нан» серіктестігінің нан, кондитерлік-макарон өнімдерін өндіретін кешені іске қосылды. Бұған қоса, 753 млрд 300 млн теңгені құрайтын 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Оның да мысалдарын келтіреміз: 414 млрд 700 млн теңгеге «Шалқия» кен-байыту фабрикасы; 161 млрд 400 млн теңге болатын «Кальцийленген сода» зауыты; 60 млрд теңгеге «Seven Rivers Technologies» компаниясының бөтелке шығаратын зауыты; 37 млрд 800 млн теңгені құрайтын оңтүстік корейлік «With you E&C» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдеу зауыты.

«Табиғи тас Қызылорда» серіктестігі қуаттылығы жылына 1 млн 100 мың тонна әк шығаратын зауытты іске қосу жұмыстарын жүргізуде. Оның құны 17 млрд 300 млн теңге.

Испандық «Roka Group» компаниясымен жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісім бар. Құны 44 млрд теңгелік, 300-ге жуық жұмысшы мен маманды жұмысқа тартатын мұндай зауыт елімізде алғашқы болып Қызылордадан бой көтермек. Жерлестеріміз бұл игілікке алдағы жылы қол жеткізеді. Сонымен бірге «Fabe Agro» компаниясы құны 134 млрд 500 млн теңге болатын жылыжай салу жобасын жүзеге асырмақ.

Ал аграрлық-индустриялық клас-

тер құру мақсатында 51 млрд теңгеге швейцариялық «Harvest Agro» компаниясы техникалық кара сора, жүгері мен сояны өсіру, қайта өңдеу және 40 млрд теңге болатын жүгері дақылын терең өңдейтін крахмал-сіріне зауытының құрылысын бастап кетті.

Үкімет қаулысымен 2025 жылдың мамыр айында Қызылорда қаласында аумағы 550 гектарды құрайтын «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Аймаққа өндірістік нысандарды орналастыру мақсатында отандық, шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Бұл жерде өңіріміздің өнеркәсіптік логистикалық әлеуетіне сәйкес келетін экономикалық қызметтің 18 түрі іске асырылады. Қазіргі таңда инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары басталды.

Міне, жарқын өмірдің жаңа бейнесін көз алдыңызға алып келетін қаншама қарбалас жұмыстың бүгінгі барысы осындай.

БАРЛЫҚ ІСТІҢ БАСЫНДА ЖАҚСЫЛЫҚ ТҰР (кәсіпкерлік, агроөнеркәсіп, инфрақұрылым)

Кәсіпкерлікті қолдауға 2022-2024 жылдары әртүрлі көздерден 203 млрд 81 млн теңгенің 16 мың 634 жобасы



қаржыландырылды. Оның 37 млрд 962 млн теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты.

2025 жылы барлық қаржы көздерінен 40 млрд теңгеге жеке кәсіпкерліктің 2 мың 464 жобасы қаржылан-

бейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Ілиясов

әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына алдағы 3 жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Биыл 10 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылды.

Өткен жылы су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 8 мың 100 гектарға жеткізіліп, 2024 жылмен салыстырғанда 2 есеге артты (2024 жылы – 4,4 мың гектар).

Облыстың 3 ауданында (Шиеді, Қазалы, Арал) шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жүгері, жоңышқа дақылдарын егу бойынша 3 ірі жоба жүзеге асуда.

2025 жылы 189 мың 600 гектарға егін егілді. Негізгі дақыл – күріштің әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынып, 470 мың тоннаға жуық астық жиналды.

Ел Президентінің қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу-электр орталығы салынды. Оны «Акса Энерджи» түрік инвесторы іске асырды.

Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған маңызды ірі жобалардың бірі. Жаңа орталық 240 мегаватт электр қуатын, 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Орталық өнімімізді қажетті электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді.



НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ КЕШЕНІ



ИНВЕТОР «ҚЫЗЫЛОРДА НАН» ЖШС

ЖОБА ҚҰНЫ 3 млрд. 800 млн. тг.

НЫСАН 2025 ЖЫЛЫ ҚЫРКҮЙЕК
АЙЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ҚҰРЫЛЫСЫ



2022-2024 жылдары

18 000

5000

АСА ПӘТЕР
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

2025 ЖЫЛЫ

58,7

млрд. теңге

3,6 мыңға жуық
пәтер пайдалануға берілді



ЖАҢА ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ



ИНВЕТОР

AKSA ENERGY (Түркия)



240 МВт

АЯҚТАЛУ МЕРЗІМІ

қазан

2025 жыл

ЖОБА ҚҰНЫ

215 млрд.тг.



277 Гкал

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ
ЕСЕБІНЕН ЖЕТКІЗУШІ ГАЗ
ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

15 млрд.тг.

ҚОНАҒЫНА ЖАЙҒАН ЖҮРЕК-ТІЛЕГІН,

Қандай істің қабатында да халықтың жайлы өмірі, әлеуметтік әлеуеті басты орында тұрады.

Қызылордалықтар арманына айналған көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету ісінің игілігін көре бастады. Бұған 26 млрд 200 млн теңге қарастырылған.

Өркімнің үйінде төбеме құлап кете ме екен деген кемі 50 литрлік су жылытқыш құрылғылар тұратын. Енді қалалықтар бұл қауіптен құтылады және электр қуаты үнемделеді.

2022-2024 жылдары өңірде «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 78 ауылда әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталған 31 млрд 600 млн теңгеге 343 жоба жүзеге асырылды.

2025 жылы 15 млрд 155 млн теңгеге 41 елді мекенде 66 жоба іске асырылды (республикалық бюджеттен 9,6 млрд теңге, облыстық бюджеттен 5,5 млрд теңге).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес барлық елді мекендер 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауысумен қамтамасыз етілді.

Аймағымызда 2022-2025 жылдар аралығында 65 млрд 100 млн теңгеге 77 жоба жүзеге асырылып, газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында 2022-2025 жылдары 24 млрд 200 млн теңгеге 71 жоба



пәтерлі тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА БІРЕГЕЙ ЖОБАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыста білім беру саласына 2022-2024 жылдары 812 млрд 245 млн теңге бөлінсе, өткен жылы 346 млрд 800 млн теңге қаралған. Айта кетейік, 2024 жылы аймақта қарқынды құрылыс болып, 31 млрд 800 млн теңгеге жаңадан 13 білім беру ұйымы ашылды.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге бүгінгі заман талабына сай 10 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, 2023 жылдан бері 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Тағы бір игілікті іс, кәсіпкерлердің демеушілігімен Арал ауданы Токбай ауылындағы апаттық мектептің орнына 500 млн теңгеге жаңадан білім ошағы, «Білімді қолдау қоры» арқылы 2 млрд 333 млн теңгеге Мергенсай ауылында салынған 150 орындық мектеп, 8 млрд 400 млн теңгеге физика-математика бағытындағы мектеп-интернаты салынды.

Облыс орталығынан 11 млрд теңгеге бой көтерген балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясының ашылуы білім алушыларға арналған бірегей жоба десек қателеспейміз. Айта кетейік, аймаққа келген сапарында Мемлекет басшысы академияның жұмысын көріп, жоғары баға берді.

Саладағы серпінді бастамалар қатарында 3 млрд теңгеден астам қаржыға 3 ауданда «Оқушылар үйі» мен «Өнер» мектептері пайдалануға берілгенін атап өткеніміз жөн.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында салынған 2 млрд 500 млн теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» бүгінде балалардың игілігіне қызмет етуде.

Шаһардың сол жағалауынан 4 млрд 800 млн теңгеге сәулеті келіскен музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы ел игілігіне табысталды. Бұл өнер жолын таңдаған түлектерге ерекше қолдау болды.

Бұдан бөлек, Президент саябағында 10 млрд теңгеге 300 орындық жыл бойы жұмыс жасайтын заманауи балалар тынығу лагері бой көтеруде. Саябақта 5 млрд теңгеге Ботаникалық білім беру орталығының ғимараты салынуда. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында 5 млрд 200 млн теңгеге жұмысшы мамандарды даярлауға арналған «Құзыреттілік орталығы» ғимаратының құрылысы басталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Корея

Әрине, мұның бәрі біріншіден, Мемлекет басшысының қолдауы нәтижесінде іске асырылды.

Сырдарияның сол жағалауында жаңа ғимараттардың бой көтеріп, көз тартуы қаланы ерекше кейіпке айналдырды. Осы сол жағалаудан 975 млн теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты салынды. Қазір бұл жерден өзге өңірге қалааралық автобустар қатынайды.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеден астам қаржыға облыс орталығындағы теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұдан бөлек, Қазалы, Төретам, Шиелі, Жаңақорған аудандарында вокзалдар күрделі жөндеуден өткізіліп, Арал, Сексеуіл, Жалағаш, Тереңөзек вокзалдары қайта салынуда.

Облыс орталығына 300 жаңа автобус алынып, қоғамдық көлік мәселесі толығымен шешімін тапты. Облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд теңгеге 100 экотакси сатып алынып, қалалықтарға сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Сыр еліндегі ең қарқынды, тоқтаусыз жүргізіліп отырған жұмыстың бірі – құрылыс. 2022 жылдан бері өңірімізде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді.

2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған 5 мыңнан аса тұрғын қоныс тойын тойлады. Соңғы 3 жылда алғаш рет барлық аудандарда тұрғындарға жаңадан 1800-ге жуық пәтер кілті табыс етілді. Ал өткен жылы 3600

лінді. Жаңа терминалда халықаралық стандартқа сәйкес жолаушыларға барлық қызметтер сапалы түрде көрсетілуде.

масына сәйкес, Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолын 4 жолақтыға ауыстыру бойынша демеушілер есебінен 350 млн теңгеге жоба әзірленіп, бұл күрделі жұмыс та қолға алынды.

Екінші бөлігі – Ақтөбе шекарасына дейінгі 462 шақырымның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Жоба құны 832 млрд 812 млн теңгені құрайды.

Президентіміз Жолдауында «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдетуді тапсырған болатын. Автожолдың жалпы ұзындығы 559 шақырымды құрайды. Оның 189 шақырымы Арал ауданының бірқатар ауылдары арқылы өтетіндіктен (Сексеуіл, Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман) өңірдің ең шеткі елді мекендерінің жол қатынасы жақсаратын болады.

СОҚ, ЕҢБЕК БАЛҒАСЫ (көлік-логистика мен құрылыс)

Қызылорда қаласында «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы ел игілігіне пайдалануға берілді. Жобаны іске асыруға 16 млрд 700 млн теңге жеке инвестиция тартылды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартуға 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бө-



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ



**54 млрд 391 млн теңгеге 6900 орындық
10 келешек мектебі салынды**

жүзеге асырылды (нәтижесінде өңіріміздегі электр желілерінің тозу деңгейі 60,8 пайызға төмендеді).

Өңіріміздегі ең қарқынды жұмыстың бірі – көшелер мен жолдардың жаңғыртылуы.

2022-2025 жылдары 1600 шақырым автомобиль жолдары мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Қызылорда қаласындағы 270 көше жөндеуден өтіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

Жақында ғана «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағындағы 192 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне берілді.

«Атты жол сынады, адамды жолдастық сынады» демекші, бүгінде Қызылордада сырттан келгендер жол жайлылығын айтып, тамсанып жүр.

4 млрд 588 млн теңгеге Арал, Жаңақорған аудандарында теміржол үстінен өтетін көпірлер пайдалануға берілді.

Қызылорда қаласындағы теміржоласты автожол құрылысы қарқынды жүргізілуде, жақын арада ел игілігіне табысталамақ.

Биыл 5 млрд 515 млн теңгеге Қармақшы ауданында теміржол арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталамақ.

Мемлекет басшысының тапсыр-

5-бет



ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ



ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ

424 км

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
АУМАҒЫНДАҒЫ ҰЗЫНДЫҒЫ

216 км

БҮГІНГІ КҮНГЕ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕНІ

201 км

ЖОБАНЫҢ
ҚҰНЫ

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
КӨЗІ

ТАПСЫРЫС
БЕРУШІ

ІСКЕ АСЫРУ
МЕРЗІМІ

84 млрд. тг.
(6 лот бойынша)

ЕУРОПАЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ
ҚАЙТА ҚҰРУ БАНКІ

«ҚАЗАВТОЖОЛ» ҰҚ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022-2026 жылдар



ОБЛЫСТЫҢ БАРЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНА САНИТАРЛЫҚ АВТОКӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ



ҚҰНЫ | **5** млрд. **400** млн. тг.

АВТОКӨЛІК
САНЫ | **270**

ЕҢБЕГІНЕ КЕЛБЕТІ САЙ СЫР ЕЛІМ

Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен жүргізілген келіссөздер аясында 2023 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Жасанды интеллект институты ашылып, қызмет көрсетуде.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУДА СЕРПІН БАР

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңіріміздің барлық ауданында 10 млрд 763 млн теңгеге 28 медициналық нысан пайдалануға берілді. Ал Қызылорда қаласында 54 млрд 321 млн теңгеге 300 орындық көпбейінді аурухана салынуда. Сонымен қатар, 5 млрд 400 млн теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан жаңа қосымша ғимараттар, екі ауданда 4 млрд 500 млн теңгеге жұқпалы аурулар бөлімшесінің жаңа ғимараттары бой көтерді. Облыс орталығында 48 млрд 500 млн теңгеге 200 орындық перинаталдық орталық ғимараты мен 14 млрд 780 млн теңгеге 500 орындық емхана салуға Үкіметпен келісім жасалып, тиісті қаулы қабылданды. Жақын күндері аталған нысанның, 10 млрд теңгеге 400 орындық емхананың құрылысы басталады. Сондай-ақ тұрғындар сұранысына сәйкес кейінгі 2 жылда жергілікті бюджеттен 5 млрд 400 млн

теңгеге 225 жаңа санитарлық автокөлік, 45 жедел жәрдем көлігі алынып, пайдалануға берілді. Аймақтағы денсаулық сақтау ұйымдарының жабдықталу деңгейі 90,2 пайызға жетті. (Республикалық деңгей 85,6%). Медицина саласы мамандарының білімін жетілдіріп, тәжірибесін толықтыруына да лайықты қолдау бар. Атап айтсақ, 2024 жылы 15 дәрігер маман Түркияның жетекші медициналық клиникасында тәжірибе алмасса, 2025 жылы 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі үздік дәрігерлік клиникаларында біліктілік арттырды.

МӘДЕНИЕТ ПЕН РУХАНИЯТТЫҢ МАҢЫЗЫ ЕРЕКШЕ

2022 жылдан бері өңірімізде 22 мәдениет нысаны жаңадан бой көтерді. Атап айтқанда, барлық 7 ауданда 11 млрд 500 млн теңгеге «Руханият» орталықтары, Қызылорда қаласында «Отбасы орталығы», «Анаға тағым» орталығы, көпфункционалды мың орындық «Өнер орталығы» салынып, ел игілігіне табысталды. Өткен жылы Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай 2 млрд 300 млн теңгеге облыстық тарихи-өлкетану музейінің заманауи жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Биыл Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қала-



11 МЫҢ ОРЫНДЫҚ СТАДИОН



ЖОБА ҚҰНЫ
(ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТ)

26 млрд. 500 млн. тг.

НЫСАН 2025 ЖЫЛЫ ҚАЗАН АЙЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ



ЖОБА ҚҰНЫ
(ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТ)

3 млрд. 700 млн. тг.



сында «Қазатоменеркәсіп» ұлттық компаниясының қолдауымен 3 млрд 800 млн теңгеге жаңа «Достық үйі» салынды. Мәдениет саласының өкілдеріне көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталғаны сала мамандарына деген ерекше қолдаудың үлгісі болды. Саладағы серпінді жұмыстардың көрінісі, жаңадан симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары құрылды. Сырмәдениетінің негізгі бренді, жыраулық дәстүр өкілдерінің отауы – «Жыраулар үйі» ашылды. Тағы бір тың бастама, жыл сайын мәдениет, өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында «Тұран» сыйлығын табыстау дәстүрге айналды. Бұған дейін Астана, Алматы қалаларында Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері өткізілген болатын. Ал өткен жылы ағартушы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Абай, Шығыс Қазақстан облыстарында облыстың өнер күндері ұйымдастырылды. Өнер майталмандары Наурыз мерекесін, еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттап, Испания, Финляндия, Эстония елдерінде маңызды шаралар өткізді. Ұлттық мереке – Республика күніне орай Швейцарияның бірқатар қаласында Қызылорданың мәдениет және өнер күндері өтті.

зылорда Арена» спорт кешені. Сондай-ақ «СамұрықҚазынаТраст» қорымен бірлесіп, 3 млрд 400 млн теңгеге «Теннис орталығы» ашылды. Президенттің бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен 2 ауданда жаңа спорт кешендері салынды. Бұдан бөлек, 2 млрд 900 млн теңгеге Қызылорда қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған инклюзивті спорт орталығы пайдалануға берілді. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 1 млрд 600 млн теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ҚЫЗЫЛОРДА – ЕҢ ТАЗА ҚАЛА!

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында аймағымызда көркейту-қоғалдандыру, елді мекендерде абаттандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Нақтырақ айтсақ, өткен жылы 6 млрд 300 млн теңгеге Қызылорда қаласындағы мәдени-демалыс паркі, 1 млрд 64 млн теңгеге Қорқыт ата мемориалды аллесаы, 15 млрд теңгеге Президент саябағы қайта жаңғыртудан өтті. Аталған демалыс орындары тұрғындардың серуендеп, тынығуына тұрақты түрде қызмет ететін қаладағы жайлы, көрікті орындардың біріне айналды. Бүгінде Президент саябағы қасынан 20 млрд теңгеге бес жұлдызды қонақүйдің құрылысы жүруде. Сондай-ақ 9 млрд теңгеге саябақтан Сырдария өзені үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірі салынады. Жалпы «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасы аясында кәсіпкер-меценаттар, қоғамдық қорлар Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда. Соның көрінісі, 2022 жылдан бері аймағымызда кәсіпкерлер демеушілігімен 55 млрд теңгеден астам қаржыға жаңа жобалар жүзеге асуда. Бұл бағыттағы маңызды бастаманың бірі – облыстық «Үлгілі елді мекен» конкурсы 2023 жылдан бері тұрақты өткізілуде. 2023-2025 жылдар аралығында облыстық бюджеттен 2 млрд теңге қаржы бөлініп, үлгілі ауылдарға 67 арнайы техника табысталды. Айта кетейік, «Үздік туристік ауыл – 2025» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша Нағи Ілиясов ауылы еліміздегі үздік 5 туристік ауылдың қатарына енді. Осындай табанды жұмыстардың нәтижесінде Қызылорда облысының тазалығы еліміздің барлық өңіріне үлгі болып тұр десек, артық айтқандық емес. Бұл – қаламызға сырттан келген меймандардың бағасы.

«Сыр бойының» тілшілер тобы



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫ



ЖОБА ҚҰНЫ
(ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТ)

3 млрд. 400 млн. тг.



СПОРТ: 11 МЫҢ ОРЫНДЫҚ СТАДИОН

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес өткен жылы Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион салынды. Жалпы 2022 жылдан бері аймақта 23 спорт кешені бой көтеріп, ел игілігіне табысталды. Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі – аумағы 25 мың шаршы метр, құрылысына 20 млрд 500 млн теңге бөлінген көпбейінді «Қы-



ОБЛЫС АУМАҒЫНДАҒЫ «РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҚТАРЫ»

7 АУДАНДА РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҚТАРЫ ҚҰРЫЛЫСЫНА ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТЕН

11 млрд. 500 млн. тг.



7 БАҒЫТ

МУЗЕЙ
ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ

КІТАПХАНА

МҰРАПАТ
АРДАГЕРЛЕР

НЕКЕ ҚИЮ ОРТАЛЫҒЫ
АНАЛАР КЕҢЕСІ



«СЫР ЖҰЛДЫЗДАРЫ» ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ



ЖОБА ҚҰНЫ
(ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТ)

10 млрд. 900 млн. тг.

НЫСАН 2025 ЖЫЛЫ МАМЫР АЙЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

АЙНАЛАЙЫН, АЛАШТАН!



Бір-бірімен санасқан,
Ынтымағы жарасқан,
Ары таза,
Ақпейіл,
Айналайын, Алаштан!

Құрылтайда – көп астар,
Бұл хабар емес толастар...
Пейілі дарқан,
Дәулетті,
Сыр бойына сәулетті,
Қош келдіңіздер, қонақтар!
Іске сәт!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ардагер



ҚҰРЫЛТАЙ ҚОНАҚТАРЫН ҚЫЗЫҚТЫРҒАН НЫСАНДАР

Қызылордаға келген Ұлттық құрылтай мүшелері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қаладағы мәдени-әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Алдымен «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Академияда бір мезетте 500, тәулігіне 3 мыңға дейін оқушы бассейнде, топтық жаттығу бөлмелерінде, көркем гимнастика және фитнес залдарында жаттыға алады. Үстел ойындары, жекпе-жек залдары, кескіндеме, сурет салу, resin art бөлмелері, шығар-

машылық шеберханасы, сәндік-колданбалы өнер сыныптары балалардың бейіміне қарай қызмет көрсетеді.

Мұнан кейін қонақтар Сыр-дария өзенінің сол жағалауындағы заманауи тарихи-өлкетану музейін аралады. Жана ғимаратта 12 экспозициялық зал бар. Музей қорында 70 мыңға жуық тарихи экспонат сақталған. Құнды экспонаттар қатарына

археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми негіздемесіне сүйеніп жасалған алтын киімді «Шірік Рабат сак жауынгері», алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», алтын қылышты «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар аксүйек әйелі» тарихи реконструкциялары қойылған. Жәдігерлер ғылыми айналымға енгізілген. Экспозициялық залдардың құрылымына, жабдықталуы мен безендірілуіне жасанды интеллект элементтері қолданылған.

ӘН-ЖЫРДЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ



Ұлттық құрылтай аясында ақын Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығына арналған «Айналым сенен, Атамекен!» атты гала концерт өтті. Қызылорданың «Өнер орталығындағы» сазды кешке мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Тарихтан белгілі, 1925 жылы Ақмешітте өткен V съезде ұлтымыздың тарихи атауы қайтарылып, қала аты Қызылорда болып өзгертілді. Арада бір ғасыр өткенде Сыр өңірі ел болашағын айқындайтын ойлар тоғысқан алаңға қайта айналды. Төрт астананың орнында түлеген мекендегі V Ұлттық құрылтай жаңа тарихтың жарқын беттерін ашады.

Алқалы жиынның ән-жырдың алтын бесігі Сыр өңірінде өтуі – зор жауапкершілік әрі мәртебе. Бүгінгі концертте туған жер мен атамекенді асқақ жырына қосқан Шөмішбай Сариевтің сөзіне жа-

зылған әндердің орындалуы рухани сабақтастықтың үлгісі іспетті. Елімізге танымал әншілер мен жергілікті өнерпаздар ақынның патриоттық және лирикалық әндерін шырқады.

Қазақ руханиятында сөз бен саздың қос қанатындай бірін-бірі толықтырған ақын мен композитордың үндестігін Шөмішбай Сариев пен Кеңес Дүйсекеевтің шығармашылығынан көреміз. Сыр өңірі тумаларының қазақ өнерінің дамуына қосқан үлесі шексіз. Бірі – қазақтың жан сырын жырға айналдырған көрнекті ақын, бірі – сол жырларға жүрек сазын қосқан қазақ

эстрадасының классигі, кәсіби композитор. Қос таланттың тандемі – жай ғана авторлық бірігу емес, халықтың жүрегінен шыққан сөз бен сол жүрекке ән болып қайта оралған саздың табиғи тоғысуы.

Бүгінгі концертте Кеңес Дүйсекеевтің әніне жазылған «Қарағым-ай», «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел», «Анаға хат», «Өкінбе сен» туындылары шырқалды.

Кеш соңында Шөмішбай Сариевтің 80 жылдығына арналған концерттің мәртебелі меймандарына ҚР Премьер-министрінің орынбасары-Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның және Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың ықылас гүлі тарту етілді.

«СБ» ақпарат

Әлем дамуының жаңа кезеңінде жасанды интеллект экономиканың ғана емес, қоғамның барлық саласына терең еніп отыр. Бұл – тек технологиялық тренд емес, елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі.

Жасанды интеллект деген не және оның мүмкіндіктері қандай? Бұл туралы біз Қорқыт ата университеті Жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмырзаевпен әңгімелескен едік.



«ҚАҮІПТІСІ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕМЕС, ТАБИҒИ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ЖАЛҚАУЛЫҒЫ»

– Нұрлан Серікұлы, осы жылды Мемлекет басымы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Жалпы ЖИ-дің қоғамға беріп отырған ең үлкен пайдасы не деп ойлайсыз?

– Мемлекет басшысының бұл шешімі – уақыт талабы әрі өркениет көшіне ілесудің нақты қадамы. Мәселенің түпкі мәніне үнілсек, жасанды интеллект – адамзаттың мүмкіндігін еселейтін қуатты құрал. Оның ең үлкен пайдасы – бізді реактивті өмір сүру салтынан проактивті әрекет етуге жетелеуінде.

Бұрын біз мәселе туындағанда ғана қимылдайтынбыз. Ал қазір үлкен деректерді (Big Data) талдау арқылы болашақты болжауға, қауіптің алдын алуға мүмкіндігіміз бар. Ғылымда мұны предиктивті талдау дейміз. Мейлі ол медицинадағы дертті ерте анықтау болсын, немесе біздің саладағы киберқауіпсіздік болсын, ЖИ уақытты үнемдеп, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Ол адамды бірізді, жалықтыратын жұмыстан босатып, шығармашылыққа, стратегиялық ойлауға жол ашады.

– ЖИ-дің дамуы қандай қауіп туындауы мүмкін?

– Ең үлкен қауіп технологияда емес, адамның өзінде. Менің басты ұстанымым: «Қауіптісі – жасанды интеллект емес, табиғи интеллекттің жалқаулығы». Егер біз ЖИ-ге сұрақ қоюды ғана үйреніп, оның жауабын сыни тұрғыдан сүзгіден өткізбесек, ойлау қабілетіміз бәсеңдейді. Екінші мәселе – киберқауіпсіздік пен фейк ақпараттар. Қазір дауысты, бейнені айнытпай салу қиын емес. Технология – сықырлы таяқша емес, ол – күшейткіш. Егер адамның ниеті бұзық болса, ЖИ оның зиянын мың есе күшейтеді. Сондықтан біз техникалық дамумен қатар, цифрлық этика мен жауапкершілікті қатар алып жүруіміз қажет.

– Оның әсерінен жұмыс орындарының қысқаруы мүмкін деген жайт қаншалықты өзекті?

– Бұл – қорқыныш емес, заңды эволюция. Тарихқа қарасақ, станоктар шыққанда да, компьютерлер пайда болғанда да осы үрей болған. Шын мәнінде, ЖИ адамды алмастырмайды, ЖИ-ді қолдана алатын маман ЖИ-ді қолдана алмайтын маманды алмастырады. Керісінше, жаңа мамандықтар пайда болып жатыр. Мәселе – бейімделуде. Біз жастарды дайын жауапты іздеуге емес, күрделі алгоритмдерді басқаруға үйретуіміз қажет.

– Адам ЖИ-ге шамадан тыс тәуелді болып кетуі мүмкін бе?

– Әрине бар. Егер біз шешім қабылдау құқығын толығымен алгоритмге беріп қойсақ, өз еркімізден айырыламыз. Адамның жаны, түйсігі және ниеті бар. Ал ЖИ-де тек логика бар. Логика әрқашан адами құндылықтармен сәйкес келе бермейді. Тәуелділіктен сақтанудың жолы – білім мен ішкі рухани өзек. Біз ЖИ-ді қожайын емес, серіктес ретінде қабылдауымыз керек.

– Байқаңыз, қазір балалардың қолынан телефон түспейді. Енді тіпті ЖИ дамыған кезеңде кері әсерінен қалай қорғауға болады?

– Тыйым салу – ең тиімсіз жол. Қорғаудың ең дұрыс әдісі – иммунитет қалыптастыру, яғни оларға технологияның ішкі құрылымын көрсету. Жастар телефондағы әдемі қосымшаны сықыр деп қабылдамауы керек, олар оның артындағы кодты, алгоритмді, логиканы түсінуі тиіс. Біз институтта студенттерге тек бағдарламаны басуды емес, сол жүйені қалай жұмыс істейтінін үйретеміз. Жастар тұтынушы емес, жасампаз (creators) болуы керек. Сонда ғана олар технологияның құлы болмайды.

– Болашақта адамды басқаруы мүмкін деген пікірге көзқарасыңыз қандай?

– Ғалым ретінде де, азамат ретінде де айтарым: ЖИ-де сана (consciousness) және ерік-жігер жоқ. Ол қанша жерден ақылды болса да, оның мені жоқ. Басқару – ол ниеттің жемісі. Ал ниет – тек тірі жанға тән қасиет. Сондықтан, «Терминатор» фильміндегі сценарийден гөрі, адамдардың технология арқылы бір-бірін басқару қауіпі шындыққа жанасады. Тізгін әрқашан адамның қолында болуы шарт.

– Қарапайым адам ЖИ-ді қауіпсіз әрі тиімді пайдалану үшін нені білуі керек?

– Үш қарапайым ереже бар. Біріншісі – «Сенбе, тексер». Интернетте көрген ақпаратты, суретті ресми дереккөзбен салыстыру. Екіншісі – дербес деректерді қорғау. Үшіншісі – ЖИ құралдарын (ChatGPT, Gemini және т.б.) күнделікті өмірді жеңілдету үшін қорықпай қолдану. Бұл – қазіргі заманның сауаттылық өлшемі.

– ЖИ дәуірінде қандай мамандықтар сұраныста болады?

– Қазіргі тренд – Prompt Engineering (ЖИ-ге дұрыс тапсырма беру шеберлігі), Big Data сарапшылары және киберқауіпсіздік мамандары. Бірақ менің ойымша, гуманитарлық ғылымдар мен техниканы ұштастыра алатын мамандар алтынға бергісіз болады. Мысалы, қазақ тілін цифрлық әлемге бейімдейтін компьютерлік лингвистер. Себебі ұлттық кодты технологияға енгізу – болашақтың еншісінде.

– Сіз басқаратын институт биыл қандай жобаларды іске асырады?

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институты өңірдегі цифрлық трансформацияның орталығы болуды мақсат етіп отыр. Біз биыл қоғам үшін маңызды әрі нақты нәтиже беретін бірнеше ауқымды бастаманы қолға алдық.

Біріншіден, өңірлік киберқауіпсіздік мәселесі. Қазір интернет алаяқтық өршіп тұр. Осыған орай, біз «PhishGuard AI» жобасын әзірледік. Бұл жүйе фишингтік және алаяқтық сайттарды автоматты түрде анықтап, бұғаттауға қауқарлы. Біз бұл жоба арқылы құқық қорғау органдарына техникалық қолдау көрсетіп, халықтың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосамыз.

Екіншіден, ұлттық мазмұн. Тілімізді цифрлық кеңістікте сақтау үшін қазақ тіліндегі үлкен тілдік модельдерді (LLM) жасақтау және NLP (табиғи тілді өңдеу) бағытында ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Бұл – стратегиялық маңызды бар бағыт.

Үшіншіден, білім беру экожүйесін дамыту. Студенттеріміздің стартап жобаларын жүзеге асыру үшін airproject.kz порталын іске қосып жатырмыз. Сонымен қатар, еліміздің жетекші техникалық университеттерімен (Сәтбаев университеті, ШКТУ) бірлесіп, «Qazaq AI Alliance» консорциумын құру жұмыстары жүргізілуде.

Төртіншіден, білім трансферті. Институтымызда жинақталған озық тәжірибені тек университет қабырғасында қалдырмай, облыс мектептері мен колледждеріне таратуды жоспарлап отырмыз. Арнайы әдістемелік құралдар арқылы мұғалімдер мен оқушыларға жаңа технологияларды тиімді қолдануды үйрету – біздің әлеуметтік жауапкершілігіміз. Мақсат – Қызылорданы жай ғана технологияны тұтынушы емес, сапалы цифрлық өнім жасайтын интеллектуалды орталыққа айналдыру.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Газетіміздің келесі саны 21 қаңтар, сәрсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,

«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы

«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редация мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21000

Тапсырыс №79

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС